

XIX ҒАСЫР МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ  
РЕСЕЙДЕГІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Топ : ПК- 211

*Орындаған: Жекенова Әсель*

*Нұрлыжгітова Әнел*

*Тексерген: Бақтыбаев Ж.Ш.*

# ЖОСПАР:

- ❖ К.Д.Ушинский-ғылыми педагогиканың негізін салушы
- ❖ Л.Н.Толстой және Н.И.Пироговтың педагогикалық көзқарастары
- ❖ П.Лесгафтың антропологиялық принципі



*К.Д. Ушинский*

---

ҒЫЛЫМИ ПЕДАГОГИКАНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

# К.Д.УШИНСКИЙДІҢ ҚЫСҚАША ӨМІРБАЯНЫ


**Константин Дмитриевич Ушинский** 1824жылы Тула қаласында дүниеге келген.

1870жылы Одесса, Киевте жерленген . Орыстың педагог демократы, Ресейде ғыл. педагогиканың негізін қалаушы.

1844 ж. Мәскеу университетінің заң факултетін бітірген. 1846 – 49 ж. “Современник” және “Библиотека для чтения” журналдарында қызмет істеді. 1854 ж. Гатчинодағы жетім балалар ин-тында орыс тілі және заң пәндерінің оқытушысы, 1855 – 59 ж. класс инспекторы, 1859 ж. Смольный ин-тының инспекторы қызметтерін атқарды. Ол шетел және орыс мектептерінің озат тәжірибелеріне сүйене отырып, Ресейдің оқу-тәрбие ісіне түзетулер мен өзгерістер енгізуді қуаттады. Сабақтардың бағдарламасын өзгертті. Оқытудың тиімді әдістері мен жолдарын енгізуді, азаматтардың бас бостандығын жақтады. Осы зерттеулерінің нәтижесінде “Педагогикалық әдебиеттердің пайдасы туралы”, “Қоғамдық тәрбиенің халықтық негізі туралы”, “Мектепті құрайтын үш мәселе” атты еңбектерін жазды.


К.Д.УШИНСКИЙ






Ол бірнеше жыл чиновниктік қызмет атқарды, журналдарда кездейсоқ, ұсақ әдеби жұмыстармен айналысты. Өз отанының игілігі үшін жан-жақты қоғамдық қызмет туралы армандаған оны осының барлығы қанағаттандырмады. "Өз отаныма мүмкін болса, көп пайда келтіру – бұл менің өмірімнің бірде-бір мақсаты; мен соған барлық өзімнің қабілетімді бағыттауым қажет", - деп жазды жас Ушинский. 60-жылдардағы қоғамдық-педагогикалық қозғалыс К.Д.Ушинскийдің педагогикалық көзқарасының қалыптасуына көмектесті. Осы қоғамдық – педагогикалық қозғалыстың әсерімен 1857-1958 ж.ж. "Тәрбие үшін журналда" өзінің "Педагогикалық әдебиеттің пайдасы туралы", "Қоғамдық тәрбиенің халықтығы туралы", "Мектептің үш элементі" және басқа да орыс педагогикасына құнды үлес қосқан. Мазмұнды мақалаларын жариялады, педагогикалық сыныпты ашты, онда тәрбиешілер даяланды, институтқа талантты оқытушылар шақыртылды, тәрбиенушілер каникулдар мен мейрамдарды ата-аналарында өткізуге құқығы болды.

1859 ЖЫЛЫ УШИНСКИЙ СМОЛЬНЫЙДАҒЫ ИНАБАТТЫ ҚЫЗДАР ИНСТИТУТЫНЫҢ  
ИНСПЕКТОРЫ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛДЫ . ОНДА ОЛ ТҮБІРЛІ ӨЗГЕРІСТЕР ЖҮРГІЗДІ: ДЕРБЕС  
ЖҰМЫС ІСТЕГЕН ДВОРЯН ЖӘНЕ ҚЫЗДАР БӨЛІМДЕРІН БІРІКТІРДІ, ОҚУ ПӘНДЕРІН ОРЫС  
ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДЫ ЕНГІЗДІ.






❖ Ушинскийдің педагогикалық жүйесінің негізіне халықтық идея жатады. Халықтық деп - Ушинский оның тарихи дамуымен, жағырафиялық, табиғи жағдайларымен қалыптасқан әрбір халықтың өзіндік ерекшелігі деп түсінді. Әрбір халық, Ушинский айтқандай, басқа халықтардан өзінің мінез-құлқының, тілінің және басқа да өзіндік тарихи қалыптасқан әрбір халықтың ерекшеліктері, бейімдіктері, қажеттіліктері оның халықтық деп аталынатын мәнін құрайды. Ушинский халықтық әруақытта тиімді ұйымдасқан тәрбие арқа сүйеуге қажетті бастаманы көре білді.






❖ Ушинскийдің педагогикалық жүйесінің негізіне халықтық идея жатады. Халықтық деп - Ушинский оның тарихи дамуымен, жағырафиялық, табиғи жағдайларымен қалыптасқан әрбір халықтың өзіндік ерекшелігі деп түсінді. Әрбір халық, Ушинский айтқандай, басқа халықтардан өзінің мінез-құлқының, тілінің және басқа да өзіндік тарихи қалыптасқан әрбір халықтың ерекшеліктері, бейімдіктері, қажеттіліктері оның халықтық деп аталынатын мәнін құрайды. Ушинский халықтық әруақытта тиімді ұйымдасқан тәрбие арқа сүйеуге қажетті бастаманы көре білді.



## К.Д.УШИНСКИЙДІҢ ЕҢБЕКТЕРІ

- ❖ “Педагогикалық әдебиеттердің пайдасы туралы”
- ❖ “Қоғамдық тәрбиенің халықтық негізі туралы”
- ❖ “Мектепті құрайтын үш мәселе”
- ❖ "Ана тілі”
- ❖ "Балалар әлемі”
- ❖ "Тәрбие үшін журналда”
- ❖ "Адам-тәрбиенің пәні”






*А.Н.Толстой мен Н.И.Пироговтың*

---

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

# Л.Н.ТОЛСТОЙДЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



## ◆ Лев Николаевич

**Толстой** 1828 жылы, Ресей империясы, Тула губерниясы Ясная Поляна — 7 қараша Астапово, Рязань губерниясы, Ресей империясы) - орыс әдебиетінің әлемге аты шыққан жазушысы, ағартушы, публицист<sup>Ш</sup>.

1854—1855 жылдарғы Севастополь қорғанысының қатысушысы. Үйінде оқып, тәрбие алған. Ата-анасы қайтыс болғаннан кейін, 1837 жылы 4 бауырымен Қазан қаласындағы қорғаушысы П. Юшкованың үйіне көшіп барады. 16 жасында Қазан университетіне түсіп, алғашында араб-түрік танушы факультетіне түскеннен кейін заңгерлік факультетке ауысады (1844-1847 жж).

## Л.Н.ТОЛСТОЙДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ

❖ Л.Н.Толстой педагогиканы және сол кездегі орыс, шетел мектептерін қатты сынға алды. Ол педагогика, оның ішінде неміс педагогикасы мектеп өмірінен алшақ, педагогикалық тәжірибе оның негізі болып табылмайды, онда формализм, бірсарындылық басым екендігін атап көрсетті. олстойдың 60-жылдардың бас кезіндегі педагогикалық ізденістерінде тәрбие баланың жеке басына жасалған қатыгездік болып табылады, сондықтан да оған жол беруге болмайды, тек ғана білім берумен ғана, демек, үлкендердің балаларға берілетін білімімен ғана шектеу керек дегенді айтты. Бірақ ол шаруалар мектебінде оқуға, жазуға, арифметикаға және т.б. тек ғана оқытып ғана қойған жоқ, сонымен қатар тәрбие жұмысын жүргізді.



**ТУЛЬСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМ. А. Н. ТОЛСТОГО**





ИА vRossii.ru

## Л.Н.ТОЛСТОЙДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ

- ❖ «Анна Каренина»
- ❖ «Соғыс және бейбітшілік»
- ❖ «Арылу»
- ❖ «Декабристтер» романдары
- ❖ «Балалық»
- ❖ «Жастық шақ» және «Балдәурен» трилогиялары
- ❖ «Помещик таңы»
- ❖ «Альберт»
- ❖ «Идиллия»
- ❖ «Балалалық шақ» повесті
- ❖ «Жастық шақ»
- ❖ «Жексенбі» романы
- ❖ «Азбука»
- ❖ «Жаңа Азбука»
- ❖ «Казактар»
- ❖ «Иван Ильичтің өлімі»
- ❖ «Шеше»
- ❖ «Қажы-Мұрат»





## Н.И.ПИРОГОВТЫҢ ӨМІРБАЯНЫ

Пирогов Николай Иванович  
(1810-1881) - ұлы орыс хирургы, ірі  
ғалым, соғыс-өріс хирургиясының  
негізін қалаушы, көрнекті қоғам  
қайраткері және педагогы.



## Н.И.ПИРОГОВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ



1856 жылы Одесса округінің оқу ісінің *попечителі* болып екі жыл қызмет етті. Ол гимназиялардың педагогикалық кеңесінің маңызын көтеруге барынша күш салды, оқу орындарының директорлары мен мұғалімдеріне балаларға адамгершілікпен қарауға бағыт берді. Одессада университет ашуға даярлық жасады. Сол жылы “Мәскеу жинағында” Пироговтың мақаласы жарияланды, ол мақала педагогикалық және қоғамдық қауымнан қызу қолдау тапты. Мақала мерзімді баспасөз беттерінде қайта басылып, К.Д. Ушинскийдің айтқанындай “ұйықтап жатқан педагогикалық ойды оятты”.

1858-1861 ж. ж. Пирогов Киев оқу округін басқарды. Одесса мен Киев округтерінің оқу ісінің попечителі болған кезінде мектепті қайта құру мәселелеріне байланысты құнды-құнды пікірлер қосты.

Н.И.Пироговтың педагогикалық мұраларындағы басты идея тәрбие арқылы өзін-өзі тану, жалпыадамзаттық тәрбие мен жалпыадамзаттық білім беру болды.

## Н.И.ПИРОГОВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ

- ❖ «Балаларды ұруға бола ма және басқа балалардың көзінше ұруға бола ма»
- ❖ «Киев оқу округы гимназиясының оқушыларының теріс қылықтары және оларды жазалау туралы негізгі бастау ережелері»
- ❖ «Өмір мәселелері»





*П.Ф.Лесгафт*

---

АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ПРИНЦИПІ

## П.Ф.ЛЕСГАФТЫҢ ӨМІРБАЯНЫ

❖ Петр Францевич Лесгафт  
(1837-1909) - орыс педагогы  
және қоғам қайраткері,  
анатом және дәрігер, дене  
тәрбиесінің ғылыми  
жүйесінің авторы.



## ЛЕСГАФТЫҢ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ПРИНЦИПІ

Адамның физиологиялық дамуына байланысты ғылым жетістіктерін ескере отырып, педагогикалық теорияны жаңарту идеясын жүзеге асырған Петр Францевич Лесгафт (1837-1909) болды.

Оның пікірінше, тәрбиелі адам саналы және ақылды болуы тиіс. Ондай адам өз іс-қылығына сын көзбен қарап, өткен мен болашақтың тәжірибесін пайдалана алады. Өзінің іс-әрекетінің және бақылаған құбылыстың себеп-салдарын түсінеді. Ақыл-ойы дамыған адам өзінің қара басының мүддесінен жоғары көтеріліп, қоғамды жетілдіруге қызмет етуі қажет. Ол дене тәрбиесінің басты ұстанымдары мен жағдайларын зерттеді. Оның пікірі бойынша, дене тәрбиесі оқушының жан-жақты жетілуін қамтамасыз етуге қатысты барлық істердің, жұмыстардың жүйесінен тұрады. Сондықтан да дене тәрбиесі ақыл-ой, адамгершілік және эстетикалық тәрбие түрлерімен тығыз байланысты.







## П.Ф.ЛЕСГАФТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ


---

- ❖ «Мектеп жасындағы балалардың дене тәрбиесіне басшылық»
- ❖ «Баланы отбасылық тәрбиелеу мен оның маңызы».



## ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- ❖ Қ.Сейталиев «Педагогика тарихы» 2008 жыл
- ❖ Ж.Әбиев «Педагогика тарихы» 2006 жыл
- ❖ Қ.Бержанов, С.Мусин «Педагогика тарихы» 1984 жыл
- ❖ «Педагогика тарихынан дәрісі»
- ❖ «Ғаламтор желісі»



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!!!